

## **Облыс әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 49 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 ақпанда № 6825 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мұхамбетов*

Әкімдіктің

2017 жылғы 1 ақпандағы

№ 49 қаулысына қосымша

## **Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3571 болып тіркелген, 2007 жылғы 22 мамырда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған).

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 184 "Кәсіби орта және жоғары оқу орындарында оқитын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3680 болып тіркелген, 2009 жылғы 2 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

3. Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 229 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3762 болып тіркелген, 2011 жылғы 9 маусымда "Костанайские новости" газетінде жарияланған).

4. Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 522 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және

жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3791 болып тіркелген, 2012 жылғы 10 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

5. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 80 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4081 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

6. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 519 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4374 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қаңтарда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

7. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 192 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4783 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

8. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 29 "Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5374 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).